

ҚАУЛЫ шағымды ішінара қанағаттандыру туралы

Мырзакент кенті

2025 жыл 6 сәуір

Мақтаарал ауданы прокурорының орынбасары Романов Д.К., ҚР ҚК-нің 174-бабы 2-бөлігі бойынша №255143031000056 СДТБТ сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын зерделей отырып ҚР ҚПК-нің 105-бабы тәртібінде қорғаушы Ғ.Саржановтың (Е.А. [REDACTED] мүддесі үшін) №Ж5143012500002 шағымын қарап,

АНЫҚТАДЫМ:

Мақтаарал аудандық полиция бөлімімен (бұдан әрі АПБ) қылмыстық кодекстің (бұдан әрі ҚК) 174-бабы 1-бөлігімен басталған №255143031000006 сотқа дейінгі тергеп-тексеру ісі бойынша жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу барысында, «Whatsap» әлеуметтік желісінде ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыратын аудио және видеожазбалар жарияланғаны анықталған.

28.02.2025 жылы бұл факт Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодекстің 174-бабы 2-бөлігі көзделген қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бойынша Мақтарал ауданының ПБ №255143031000056 СДТБТ-ға тіркелді.

2025 жыл 2 сәуір Түркістан облысы Мақтаарал ауданының прокуратурасы қорғаушы Ғ.Саржановтың №Ж5143012500002 шағымы келіп түскен:

Онда тергеушінің өтінішхатты қанағаттандырудан бас тарту туралы қаулысын заңсыз деп танып, заң бұзушылыққа жол берген қызметкерлерге қатысты шара көру туралы уәждер келтірген.

Шағым келіп түскен кезде №255143031000056 сотқа дейінгі тергеп-тексеру бойынша алдын ала тергеп-тексеру сатысында болған.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын зерделеу және баяндалған дәлелдерді тексеру нәтижелері бойынша қорғаушы Ғ.Саржановтың №Ж5143012500002 шағымы мынадай негіздер бойынша ішінара қанағаттандырылуға жатады:

13.03.2025ж. тергеуші Д.Жақсылық қорғаушы Ғ.Саржановтың іс бойынша ҚПК 99-бабына сәйкес келтірген өтінішхатын («Атакент Бауырлар» тобында жолдаған аудио-видео роликтің сілтемесін немсес аудио-видео роликтің көшірмесін алу жөнінде) қанағаттандырудан бас тартқан.

ҚПК 70-бабы 2- бөлігі 5-тармағына сәйкес қорғаушы жедел-іздігі және қарсы барлау іс-шаралары, жасырын тергеу әрекеттері туралы деректер қамтылған іс материалдарын қоспағанда, іске кіріскен кезден бастап өзінің қорғауындағы адамға қатысты істің мынадай материалдарымен (5-тармағында көрсетілген тізімге сәйкес) танысуға құқылы.

Қазіргі уақытта іс бойынша жүргізілген жасырын тергеу әрекеттері бойынша құпиясыздандыру қаулысы қабылданған.

Осыған орай тергеуші Д.Жақсылықтың 13.03.2025ж. қорғаушының өтінішхатын қанағаттандырудан бас тарту туралы қаулысы күші жойылып,

ҚПК 70-бабы 2- бөлігі 5-тармағына сәйкес қорғаушыны іс материалдарымен («Атакент Бауырлар» тобында жолдаған аудио-видео ролик) таныстыру бөлігі қанағаттандыруға жатады.

Қорғаушы Ғ.Саржановтың №Ж5143012500002 шағымын заң бұзушылыққа жол берген қызметкерлерге қатысты шара көру бөлігінде мынадай негіздер бойынша қанағаттандырудан бас тартылады:

Бұл жағдайда тергеушімен ҚПК талаптары бұзылмаған, прокурорлық қадағалау актісін енгізуге немесе қызметкерлерге қатысты шара көруге негіз жоқ.

Баяндалғанның негізінде ҚПК-нің 105-бабының 3,4-бөліктерін, 198-бабын басшылыққа ала отырып,

ҚАУЛЫ ЕТТІМ:

1. Қорғаушы Ғ.Саржановтың 2025 жыл 2 сәуір №Ж5143012500002 қорғаушыны құписыздандырылған іс-материалдарымен («Атакент Бауырлар» тобында жолдаған аудио-видео ролик) таныстыру туралы шағымы – тергеушінің 13.03.2025ж. қорғаушының өтінішхатын қанағаттандырудан бас тарту туралы қаулысының күшін жою арқылы **ішінара қанағаттандырылсын.**

2. Тергеушінің 13.03.2025ж. қорғаушының өтінішхатын қанағаттандырудан бас тарту туралы қаулысы заңсыз деп танылсын.

3. Қорғаушы Ғ.Саржановтың №Ж5143012500002 шағымын заң бұзушылыққа жол берген қызметкерлерге қатысты шара көру бөлігінде – **қанағаттандырудан бас тартылсын.**

4. Осы қаулы, Қорғаушы Ғ.Саржановтың шағымы және тексеру материалдары сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарына қоса тігілсін.

5. Қаулының көшірмесі қадағалаушы прокурорға жіберілсін.

6. Шағым берген адамға ҚР ҚПК-нің 106-бабы тәртібінде сотқа осы қаулыға шағымдану құқығын бір мезгілде түсіндіре отырып, қабылданған шешім туралы хабарлансын.

**Мақтаарал ауданы прокурорының
орынбасары**

Романов Д.К.



QR-код ЭЦК қойылған PDF форматтағы электрондық құжаттың хэш соммасын қамтиды



QR-код қол қойған тұлғаның ЭЦК туралы деректерін, лауазымын, мемлекеттік органның атауын, құжатқа қол қойған күнді мен уақытты қамтиды

200000142359
(шығыс нөмірі)
06.04.2025 ж.

Ілісне хат

**"Адвокатская контора
Закон и Право"**
Қазақстан Республикасы,
Алматы, Жетісу ауданы, ---,
Абылай хан көшесі, 79 үй,
304 пәтер

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 105-бабына сәйкес №Ж5143012500002 шағымды ішінара қанағаттандыру туралы қаулысы жолданады.

Қосымша: қаулы ___ парақта.

**Мақтаарал ауданы прокурорының
орынбасары**

Романов Д.К.

*орынд.: Романов Д.К.
тел.: 7253103*



QR-код ЭЦК қойылған PDF форматтағы электрондық құжаттың хэш соммасын қамтиды



QR-код қол қойған тұлғаның ЭЦК туралы деректерін, лауазымын, мемлекеттік органның атауын, құжатқа қол қойған күнді мен уақытты қамтиды